



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

11 қыркүйек 2018 жыл

### KASE "Биржалық симулятор" білім беру жобасын ашады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) "Биржалық стимулятор" білім беру жобасының ашылуы туралы жариялайды. Жоба қатарынан 10 жыл бойы өткізіледі.

"Биржалық стимулятор" жобасы шегінде оқу сауда-саттықтары 2018 жылдың 17 қыркүйегінде астаналық ауқытпен сағат 09:00-де басталады. Жоба бір ай бойы өтеді де, 2018 жылдың 17 қазанында аяқталады.

"Биржалық симулятор" жобасының мақсаты – оқу бағдарламасы шегінде өзінің кәсіби білімдерін тереңдетуге, сондай-ақ қор нарығында жұмыс практикалық тәжірибесін алуға талаптанданған, қаржы-экономикалық және басқа мамандық студенттерінің қаржылық сауаттылығын арттыру болып табылады.

"Биржалық симулятор" жобасы алғаш рет 2008 жылдың 29 шілдесінде өткізілген. 10 жылда оқу сауда-саттықтар жобасында Қазақстанның, таяудағы және қиырдағы шет елдерінің (Түркия, Оңтүстік-Шығыс Азия, Ұлыбритания) 80 ЖОО-ның барлығы 4500-ден астам студентері қатысты.

Оқу сауда-саттықтары қорытындысы бойынша виртуалды портфель кірістілігінің ең жоғарғы көрсеткіштеріне қолжеткізген, студенттер жеңімпаз атанады. Ең үздік нәтиже көрсеткен, қатысушылар KASE серіктес ұйымдарынша тәжірибе алу мүмкіндігін алады.

#### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және қаржы нарығында жұмыс істейтін Қазақстандағы жалғыз қор биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМДң қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)